



ХҒТАР 14.23.11
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-193-214>

Сәби шақтағы балалардың сөздік қорын дамытудың педагогикалық шарттары

С.Н. Жиенбаева^{*1}, М.Е. Адамова², А.М. Жубандыкова³, О.Т. Тезекова⁴

^{1,4}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаменті, Астана, Қазақстан

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

(E-mail: Saira1962@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дамуындағы кешуілдеудің себептері көрсетілген (балалардың денсаулығы, педагогикалық жұмыстың деңгейіне және тілдік ортаның ұйымдастырылуы). Осы факторларды ескере отырып, авторлар мақалада ерте балалық шақта сөйлеуді дамытуға қажетті педагогикалық шарттарды зерттейді. Баланың жалпы өсуінде жетекші рөл атқаратын сөйлеуді дамыту үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығы басты назарға алынды. Н.Хомский, Б. Ф. Скиннер, К. Осгуд, Ярроу, Энтони Де Каспер, М. Л. Лазарев және басқа ғалымдар жүргізген теориялық және эмпирикалық зерттеулерге сүйене отырып, авторлар сөйлеуді дамытудың негізін пренатальды кезеңде-ақ қалау керек деп тұжырымдайды. Бұл нәтижелер болашақ аналарға туылмаған баласымен қарым-қатынас жасау жолдарын анықтауға ерекше назар аудара отырып, тілді меңгерудің алғашқы кезеңдеріндегі пренатальды өзара әрекеттесудің маңызды рөлін көрсетеді. Мақалада сөйлеуді оңтайлы дамытудың үш негізгі педагогикалық шарты анықталған. Бірінші шарт пренатальды кезеңнен бастап сөйлеуді дамыту үшін алғышарттар жасаудың маңыздылығын көрсетеді. Екінші шарт ерте жастағы балалардың іс-әрекетінің ажырамас аспектілері ретінде қызмет ететін қарым-қатынас дағдыларын, моторикасын, объектілермен өзара әрекеттесуін дамытуға баса назар аударады. Отандық және халықаралық зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, мақалада туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың сөйлеуінің даму ерекшелігі анықталып, сондай-ақ тиісті көрсеткіштер көрсетілген. Мақалада үшінші шарт баланың тілінің дамуында тілдік ортаның қажеттілігі, ата-анаға, педагогтарға қойылатын талаптар беріледі.

Түйінді сөздер: ерте жас, сөйлеу, қарым-қатынас, құрсақ педагогикасы, заттық әрекеті, тілдік орта, сәбилік шақ

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жаңа өмірлік мәселелерді тиімді және өздігінен шеше алатын, өз көзқарасын сауатты, дәлелді жеткізе алатын шығармашыл белсенді тұлғаны қалыптастыру қажеттілігін талап етеді. Оның негізі көзі қарым-қатынас, сөйлеу арқылы дамиды. Сөйлеу – табиғаттың адамзатқа берген ерекше сыйлығы, сөйлеу арқылы адамзат өзара бір бірімен тілге келе алады. Тіл арқылы адамдарды белгілі бір әрекетке, қызметке біріктіре алады, өзара түсінісуге көмектеседі, беліглі бір көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Дегенмен, табиғат адамның тілінің дамуына қысқа уақыт бөледі, яғни ерте және мектепке дейінгі кезеңі қолайлы болып саналады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (03.08.2022, №348 бұйрық) «баланың коммуникативтік дағдыларын дамытуда жас, жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуін, сөздік қорын молайту, өмірдің түрлі жағдайында қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту» деген міндеттерді жүктейді [1].

Ерте жаста баланың танымдық және психикалық процестері жылдам қарқынмен дамиды, осы кезеңде ойлау мен сөйлеудің дамуы ерекше орын алады. Қарым-қатынастың дамуы басқа танымдық процестерден бұрын пайда болады. Сөйлеуді өз уақытында меңгеру баланың жеке басының қалыптасуы үшін ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтенуі мен мектептегі жетістігі үшін де өте маңызды. Алайда, елімізде қазақ тілді балалардың сөйлеу онтогенезі барысында тіл жүйесінің құрамдас бөліктерінің қалай дамитынын зерттеу жеткіліксіз. Қазіргі заманғы зерттеулердің негізгі міндеті-сөйлеу механизмінің құрылымдық ерекшеліктерімен қатар балалардың ана тілін меңгеруінің табиғи процесін түсінуге көңіл бөлу болып табылады. Бұл мәселені теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да шешу сөйлеуді дамытудың қазіргі жағдайын объективті бағалау қажеттілігін талап етеді.

Дегенмен, мектеп жасына дейінгі балалардың бүгінгі күнгі тілінің даму жағдайы қандай? Ия, қазіргі таңдағы балалар тілінің даму деңгейі ойландыратын жағдайда деуге болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінің тілінің шығуында қиындықтарға тап болып отыр. Еліміздің әртүрлі аймақтарында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін бақылау нәтижесі әртүрлі сөйлеу ақаулары, кешуілдеу бар екенін көрсетті. Балабақшаға келген тілі әлі шықпаған екі жасар бала тәрбиешілерді таң қалдырмайды. Сондықтан құрсақтан бастап және дүниеге келгеннен кейін де балалардың тілін дамыту көкейтесті болып саналады.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамуына сапалы және дер кезінде оң ықпал ету, біліктілікпен қолдау жасау, тілінің дамуындағы ауытқулардың, кешуілдеудің алдын алу және оның себептерін түсінуіміз керек.

1. Балалардың денсаулығына байланысты. Қазіргі ұрпақтың денсаулығы нашар. Мектепке дейінгі ұйымға баратын балалардың көпшілігінің денсаулығы 2-ші топқа жатады. 1-ші денсаулық тобындағы балабақшаларда өте аз. Қазіргі уақытта жаңа туылған нәрестелердің 70%-ында мидың әртүрлі зақымданулары кездеседі дейді. Оның басты

себептері жүктілік кезіндегі ананың ауруы, қиын босанудың салдары, баланың ауыр ауруларынан кейінгі асқынулар, психикалық және физикалық дамуындағы кешігулер, педагогикалық немқұрайлылық және ата-аналардың жаман әдеттері (алкоголь, есірткі) әсерінен болады.

2. Педагогикалық жұмыстардың деңгейіне байланысты. Біріншіден, бұл балалардың сөйлеу дамуының кеш диагностикалануы. Бес жасқа дейін сөйлеудің қалыптасуы жүреді, яғни балалар туған тілінің дыбысталуын, сөздіктерді, тілдің грамматикалық құрылымын игереді, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсіретін когерентті сөйлеудің (диалог пен монолог) алғашқы қалпын меңгереді. Екіншіден, мектепке дейінгі балалардың тілінің дамуына педагогикалық ықпал ететін технологиялар, әдістер мен тәсілдердің жеткіліксіздігі және дамытудың белгілі алгоритмінің жоқтығы байқалады. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы тарапынан 2021-2023 жж. жүзеге асырылатын OR 11465474 «Білім және ғылым жүйесін дамытудың ғылыми негіздері» зерттеуді бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында дайындалған индикаторлардың негізінде, 2023 жылғы мектепке дейінгі білім беруге мониторинг жүргізу нәтижесінде балалардың сөйлеуінің даму деңгейі туралы ақпарат алуға мүмкіндік болды. Мәселен, «Ерте жастағы (1 жас) балалардың 18,3%-ында әннің кейбір сөздерін ересек адаммен бірге айту; – қозғалысты дыбысқа еліктеу арқылы және сөздермен сүйемелдеп айту, ойын ойнаудан қиналады. Балалардың 17,6%-ы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарына қызығушылық танытпайды; «болады», «болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсінбейді. 2 жастағы балалардың 17,3%-да сөйлеуі дамымаған, сөздерді қайталай алмайды, таныс шығармаларды көрнекі сүйемелдеусіз тыңдамайды. 3 жастағы балалардың 14,3%-ында сөйлеу қабілеті дамымаған» делінген [2].

Алайда, бүгінгі зерттеу нәтижесіндегі тәжірибені талдау көрсеткендей, ата-аналар, тәрбиешілер балалардың тілін дамытуда олармен қарым-қатынасты ұйымдастыра және қолдана алмайтындығы байқалып отыр. Әсіресе, өктемділік қарым-қатынас стилі кең таралған, педагогтердің нұсқаулары мен бұйрықтары басым. Мұндай қарым-қатынас формальды, жеке мағынасы жоқ. Тәрбиешінің 50%-дан астамы балалардың реакциясын тудырмайды, дамуға ықпал ететін шарттар көп жағдайда ескерілмейді. Олай болса, зерттеуіміздің мақсаты ерте жастағы балалардың сөйлеуінің даму деңгейін анықтау және оның шарттарын теориялық тұрғыда дәлелдеу. Себебі мектепке дейінгі баланың сөйлеуінің дұрыс бағытта дамуы анасының құрсағынан басталып, дүниеге келгеннен кейінгі сыртқы факторлармен тығыз байланысты екендігін шетелдік және отандық зерттеулерді негізге алыпты дәлелеу тұжырымдармен беру зерттеуіміздің мәні болып табылады.

Зерттеу әдістері

Ең бастысы ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытудың шарттарын белгілеу қажет. Балаланың сөйлеуінің дамуын анықтайтын шарттары туралы бірнеше көзқарастар бар. Психология, педагогика ғылымында мектепке дейінгі кезең баланың тілін дамытудың онтогенезі ретінде шетелдік ғалымдардың зерттеу нысанына көбірек айналған. Соңғы

кезеңдерде шетелдік психология ғылымында адамның туа біткен қабілетінің бірі ретінде тілдің дамуына деген көзқарастар, теориялар, тәжірибелер көбірек кездеседі.

Баланың сөйлеуінің дамуы биологиялық анықталған заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады және сыртқы орта әсер етпейді деген көзқарастағы ғалымдар болды (Н. Хомский, Е.Х. Леннеберг және т.б.). Бұл бағыттың ғалымдары сөйлеу онтогенезінің әртүрлі аспектілері туралы нақты материал ұсынады. Бірақ бұл жұмыстар баланы тәрбиелеу шарттарының маңыздылығын зерттемейді, осы процестегі баланың өзіндік белсенділігінің рөлін зерттеген. Сөйлеуді дамытудың шетелдік теорияларындағы тағы бір кең таралған көзқарас – бихевиористік тұжырымдама (Б.Ф. Скиннер, Ч. Осгуд және т.б.). Осы тұжырымдама контексіндегі сөйлеу ынталандыруларға белгілі және таныс реакциялардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Оның дамуы балалардың еститін сөздерге имитациялаудағы (еліктеу) жетістіктерін дамытумен байланысты.

Психологиялық, педагогикалық зерттеулерге сүйенсек, ең басты шарт құрсақ педагогикасы теориялармен байланысты. Ондағы қалыптасқан теорияларды бүгінгі күнде негізге алу және дамыту негізге алу қажет. Баланың сөйлеуін дамытудың алғыш-арттарын сөйлеуге дейінгі кезеңнен іздеу керек деп айтуға толық негіз бар: ауызша саналы сөйлеудің пайда болуынан бұрын баланың сөйлеу аппаратын қалыптастыруы, моториканың дамуына тікелей байланысты. Undiyaundeye (2013 және 2014) айтуынша оқыту жатырдан басталады, онда ұрық анасының дауысын тани бастайды және туылғаннан кейін оны басқа дыбыстардан ажырата бастайды [3]. Yarrow (2014) пікірінше, балалардың көпшілігінде тілді меңгеруге арналған туа біткен құрылғы бар деп санайды, онда олардың миы тілді меңгерудің ішкі жүйесінен тұрады [4]. Басқаша айтқанда, сөйлеу алғашқы сөздерді айтқан сәттен бастап емес, туғаннан бастап дамиды. Бірақ қазіргі кейбір деректер бойынша онтогенездің алғашқы кезеңдеріндегі баланың психомоторлық дамуы көбінесе оның пренатальды дамуының ерекшеліктерімен анықталады (Д. Чемберлен, М.Л. Лазарев, Б. Логан, С. Ғаббасов және т.б.). Баланың жылауы оның қажеттіліктерінен туындайды және қарым-қатынастың алғашқы белгісі болып табылады. Анасының, жақындарының немесе тәрбиешінің дауысы сияқты қоршаған ортаның маңызды дыбыстарына көңіл бөле бастайды. Соңғы кездерде дүниеге келген нәресте сөйлеуге қашан бейім болатыны туралы түрлі ой-пікірлер кездеседі. Дейтұрғанмен, 1980 жылдардың соңғы жағында (A.De Casper) зерттеулері қызу пікірталасқа нүкте қойды. Экспериментке жүктіліктің 7-8-ші айларындағы аналар қатысты. Құрсақтағы балаға жүктіліктің соңғы алты аптасында күніне екі рет магнитофоннан бір әңгіме тыңдатады. Дүниеге келген соң жаңа туған нәрестелерге екі әңгіме тыңдатады: олар туылғанға дейін «естігені» және «таныс емес». Экспериментте егер бала сороды күшейтсе, онда жазу жалғасады, егер ол тоқтаса немесе сору мінез-құлқы қалыпты деңгейге жетсе, онда жазбаны ойнату тоқтатылады. Сәбилер сору мінез-құлқын таныс оқиғаны тыңдағанда жалғасты, бұл осы дыбысқа бейімделгенін көрсетеді. Ал бейтаныс оқиғаны естігенде сороды тоқтататыны белгілі болды. Бір қызығы, тіпті ананың ішінде болса да, балалар жаңа және бұрын естігендеріне басқаша жауап береді екен. Жүктіліктің 35-ші аптасында аналардың екі тобы бір ай бойы күніне үш рет екі түрлі өлең айтты (дауыстап оқыды). Бір айдан кейін екі өлең де бейтаныс

дауыспен оқылып, жатырдағы ұрыққа магнитофон арқылы тыңдатылды (динамик ананың ішінен шамамен 20 см қашықтықта орналасқан) [5]. Зерттеушілер баланың жүрегінің соғуында таныс өлеңді ойнағанда айтарлықтай өзгерісті көрді. Мұндай тәжірибе қазақ халық педагогикасында, құрсақ тәрбиесі арнаулы зерттеу нысанасы болмағанмен көрегенділікпен қарастырылған. Мәселен, келінінің жүкті болғанын білгенен кейін енесі, оны ертіп биік-биік тауларды қарауға, судың сылдырын, құстардың әуенді әндерін тыңдауға, әсем табиғаттың сұлулығын тамашалауға апарған. Ондағы ойы болашақ ұрпағының арман мақсаттары, биік, құлағы ашық, сөзді түсінетін саналы болсын, әсемдікті құрметтейтін болсын деген үмітпен жасалған.

Профессор М.Л. Лазарев бірнеше зерттеулер жүргізді, бұл оған құрсақта жатқанда баланы музыкамен тәрбиелеу оның кейінгі өсуі мен дамуына, оның ішінде тілінің дамуына әкелетін барлық артықшылықтарды түсінуге көмектесті. Жүкті әйелге күніге 5 сағатқа дейін ән айтуды ұсынады. Музыканың, ананың дауысының, арнайы жаттығулардың көмегімен баланың миының мүмкіндіктері туылғанға дейін сақталады және дамиды, оның қозғалыс белсенділігі ынталандырылады [6]. Психолог М.Л. Лазаревтің зерттеу нәтижесінде оның әдістемесі бойынша арнайы эксперименттен өткен балалар 6 айдан 10 айға дейін сөйлей бастаған.

Құрсақ педагогикасы мен психологиясы ғылымындағы тағы бір зерттеу нәтижесі біздің еліміздегі қазіргі балалардың ана тілінде сөйлеуінде негізге қалануы қажетті шарт деп есептейміз. Сипатталған эксперименттердің нәтижелері құрсақтағы жағдайда күрделі сөйлеу әсерлерге балалардың реакция жасайтындығын көрсетті. Баланың құрсақтағы дамуында сөйлеуіне алғышарттарын ескерсек, дүниеге шыр етіп келгеннен кейін де тәрбие жалғасын табуы қажет. Құрсақ тәрбиесіндегі құнды пікірлерді қорытындылай келе, шетелдік ғалым Jan (2012) аналарға баламен жатырдағы кезеңінен әңгімелесуге кеңес береді. Оның зерттеуі бойынша музыканы қосып, құлаққаппен ішке қойып жатырдағы балаға тыңдату керек деген пікірін негізге алғымыз келеді. Баланың тілі шыққанша дейін кем дегенде 100 рет осы әнді естуі керек. Қорыта айтқанда, әкешесі құрсақтағы баламен барлық үнемі сөйлесіп отыруы керек. Мәселен, тамақ пісіру және тамақ ішу кезінде, үй-ішін тазалауда кезінде айтып жүріп орындаған жөн. Мұны бала сезінеді. Дүниеге келгеннен бастап баламен күніне, ай немесе жыл бойы дұрыс қарым-қатынас жасауы бес жасқа жеткенде сөйлеуі дәйекті түрде дамуына негіз болады [3].

Баланың 3 жасқа дейінгі кезеңі - сөйлеу және тілдік дағдыларды меңгерудегі қолайлы, қарқынды даму кезеңі болып табылады. Бұл дағдылар бай тілдік ортада дыбыстарды меңгеруі және басқа адамдардың тілдік қарым -қатынасымен және өз тілімен танысады (Richard, 2017). Мәселен, М. Р. Львов [7] бұл процесті осындай кезеңділікпен қарастыруды ұсынады:

1) нәрестелік шақ – бір жасқа дейінгі кезең. Айта кету керек бірінші нәрсе-баланың сөйлеу дамуының сөзге дейінгі кезеңі болып табылады. Баланың сөйлеуін зерттеуші маман баланың дамуының алғашқы кезеңінде прото-тілді коммуникацияның дайындық кезеңі ретінде бөліп көрсетті. Прото – тілдің негізі – ым-ишараттар. Прото – тілдің қалыптасуы жүріп жатқан жас кезеңі - 2-6-7 ай. Прото-тіл қалыптасқан кезде дыбыстық даму жүреді – айқайлауы (2 ай), уілдеуі, көмекей дыбыстарының шығуы (2-5 ай) (Е.И. Исенина).

Кесте 1

Шетел ғалымдарының зерттеулер бойынша 1 жасқа дейінгі балалардың сөйлеуінің даму ерекшелігі [7]

0-3 ай аралығы	3-6 ай аралығы	6-12 ай аралығы
Бұл кезеңде бала таныс дыбысқа қарап, қатты дыбыстардан қорқады және тәрбиешілердің / ата-аналардың дауыстарын таниды. Вокалды дыбыстарды шығару, мысалы, уілдеу, ыңылдау, бетке мұқият қарау және мимикалық қимылдарды қайталау, мысалы, тілді шығару, ұзақ уақыт бойы көзбен байланыста болу.	Бала басқа адамдардың әңгімелерін бақылайды. Жақыннан естілетін дауыстарға, жауап танытып, назар аударады. эмоциональдық қарым-қатынасқа жауап ретінде қатты дыбыс шығарады; ойнау кезінде күледі және мұрнының астынан былдырлайды.	Бала телефон, есік қоңырауы және сағат сияқты әртүрлі дыбыстарды дұрыс бағдарлап, көзімен іздейді. «сау бол», «алақай» сөздерін түсінінеді, қайталайды, оны атағанда қарайды, қимылдармен көрсеткен кезде түсінеді. 1 жасқа келгенде “папа”, “ана», «апа», «ата» қарапайым сөздерді қолдана бастайды. Ән айтқан кезде қуанады. Өлеңдер мен әндерден ләззат алады және басқа адамдардың сөйлеуі мен ерін қимылдарын көшіруге тырысады.

2) ерте жас кезеңі – 1-3 жас аралығында баланың сөздік қоры, тілдің грамматикалық құрылымы қалыптасып, сөйлеу ойлаумен байланысты болып, сөзді түсінуімен сипатталады (Г.Л. Розенгард-Пупко, Н.М. Юрьева, С.Н. Цейтлин, А.Р. Лурия, Б.Баймұратова, А.К.Меңжанова, А.Бакрадинова).

Екінші жылы екі кезеңге бөлінеді: 1 жастан-1 жас 6 айға дейін, 1 жас 6 айдан-2 жасқа дейін. Үлгілік бағдарламадағы сөйлеуді дамыту міндеттері өмірдің екінші жылында бірдей:

1) сөйлеу түсінігі мен еліктеу қабілетін дамыту;

2) сөздік қорын молайту;

3) сөйлеуді басқалармен қарым-қатынас құралы ретінде қолдануын қалыптастыру. Әр жарты жылдықта жас ерекшеліктеріне байланысты міндеттердің нақты мазмұны әртүрлі болады. Әдеби дереккөздерді талдауға сүйене отырып, тілдік қабілеттің онтогенезі бір жағынан ересектердің баламен қарым-қатынас процесінен, екінші жағынан баланың заттық және танымдық іс-әрекетінің дамуынан, өзара әрекеттесуінен деп қорытынды жасауға болады.

Кесте 2

Шетел ғалымдарының зерттеулер бойынша 2 жасқа

12-15 ай	15-18 айлар	18-2 жас
Бұл кезеңде бала музыкалық сүйемелдеумен ән айтуды ұнатады, кесе, әке сияқты	Бала «етігіңді ки», “анаңа берші” деген нұсқауларды түсінеді және оларға жауап	Енді өздері түсінетін мінез-құлыққа көңіл бөле бастайды, бірақ ересек адамның

қарапайым сөздерді біледі; сонымен қатар әкені құшақтау, анаға бер, тоқта тәрізді қарапайым нұсқауларды түсінеді. 10 сөзді айта алады, бірақ әлі түсініксіз болуы мүмкін. Өзінің жақын адамдарына шақырса бару немесе көрсету; танитын ересектермен бірге болғанды ұнатады.	береді, 2 қарапайым сөзден сөйлем айта алады, әлі де түсініксіздеу болуы мүмкін. Бала үлкендердің қимылдарын, сөздерін еліктеп қайталайды.	нұсқауларына әрең көнеді. Отыр десе отырмауы мүмкін. Қарапайым тілдік нұсқаулықты ым-ишараны бақылап, түсінеді. Қабағын түйсе, жылап жіберуі мүмкін. 2-3 сөзден тұратын сөйлем айтады (Мен алма жеймін)
---	--	---

Өмірдің үшінші жылының екінші жартысынан бастап баланың сөйлеуі түсінікті болады, бұл 2 жыл 6 айдан кейін сөйлеу дағдыларының қажетті минимумын игертіндігін көрсетеді. Зерттеуші-ғалым Julius Basake « Бала 2-3 жас аралығында басқаны тыңдай алады және сөйлесе бастайды, оңай араласып кетеді, “ойыншық аюды қорапқа сал”, “кітабыңды ал” деген қарапайым сөз тіркестерін / ұғымдарды, оқиғаларды түсінеді, суреттер арқылы тілінің дамуына қолдау көрсетіледі. Бала экспрессивті тілді қоса алғанда 300 сөзге жуық сөзді қолданады және төрт-бес сөзден тұратын сөйлемді байланыстырып айта алады. Әңгімелескісі келеді, бірақ әңгімені бір тақырыптан екінші тақырыпқа ауыстыра береді [5]. Мұндай сөздік қордың молайтуда көркем шығарманы дауыстап, мәнерлі оқып беру маңызды.

Зерттеулердегі бізді қызықтырған нәресте кезеңдегі тілінің қарқынды дамуы (Г. А. Мишина), эмоциональдық қарым-қатынас жетекші әрекет екендігі. Кез-келген сау баланың ата-анасының тілін меңгеруге икемділігі, тездетілуі болады, бірақ ол тілдік ортаның мазмұнына тікелей байланысты.

Сондықтан сәби шақтағы балалардың сөйлеуін дамытуда тілдік ортаның маңызы зор және басты шарттардың бірі болып саналады. Кең мағынада алғанда баланың сөйлеуін дамытудың құралы мәдени тілдік орта деп аталады. Соның ішінде үлкендердің немесе ересектердің сөйлеуіне еліктеу – ана тілін меңгерту тетіктерінің бірі. Тілінің дамуының ішкі тетігі ересектердің жүйелі түрде ұйымдастырылған баламен сөйлесу әрекетінің әсерінен ғана қалыптасады (Н.И. Жинкин). Балалар айналасындағылардың қарым-қатынасына еліктей отырып, айтылымға ғана емес, сонымен қатар ересектердің сөйлеуінде кездесетін кемшіліктер мен қателіктерді тез қағып алатынын есте ұстаған жөн. Баланың тілдік ортасы – бұл балаға оң немесе теріс әсер ететін көптеген факторлар жиынтығы. Басты рөлді бай, құнды немесе таяз орта болуы мүмкін. Оның басты құралдарының бірі – тілдік ойындар. Соңғы онжылдықта барған сайын танымал бола бастаған ерекше тақырып – компьютерлік технологиялардың сөйлеу мен ойлаудың онтогенезі мен эволюциясына әсер етіп отыр. Отбасындағы адамның қарым-қатынасын гаджеттермен алмастыру айтарлықтай қауіп төндіреді, өйткені балалардың психикалық, әлеуметтік, мәдени және рухани даму алгоритмі бұзылады. Ата-аналар баланың сөйлеуін ерте дамыту бойынша өз міндеттерін балабақшаға, “сөйлейтін” ойыншықтарға немесе компьютерлік ойындарға ауыстырылған. Сондықтан, сәби шақтағы балалардың заттық дамытушы ортасын және тілдік дамытушы ортасын мәдениетті, демократиялық қарым-

қатынас стилінде құру, өзара әрекеттін, субъективті-субъективті қарым-қатынасты қамтамасыз ету мүмкіндігі ата-аналардың, тәрбиешінің кәсіби міндеті болып саналады. Сонымен, сәби шақтағы балалардың тілінің қалыпты дамытуда ескеретін шарттар: баланың құрсақтағы дамуында мен олармен эмоциональдық қарым-қатынастың болуы; туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың тілінің дамытуда физиологиялық, психологиялық, лингвистикалық ерекшеліктерін, сандық, сапалық даму көрсеткіштерін тәрбиелеу-білім беру процесінде жетекшілікке алу; баланың тілдік ортасын талаптарға сай қамтамасыз ету.

Талқылау және нәтижелер

Ерте балалық шақта тілді үйрену және дамыту – адам өміріндегі ең маңызды кезең. Балалар тілін меңгерудің тамаша тәсілі ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарын аударды. Тілді меңгеру саласындағы зерттеулердің дамуы мен ілгерілеуіне балалардың тілдік білімін дамытуды онлайн-тестілеу сияқты жаңа технологиялар мен әдістер ықпал етеді (Sekerina et al., 2008). Сонымен қатар, балалардың сөйлеу қабілетін, тілдік құрылымын анықтау, онлайн өңдеу үшін көз қозғалысын бақылау технологиясын қолдана отырып зерттеулер жүргізілді (Armstrong et al., 2016). Сонымен қатар, көптеген зерттеулер мидың тілге байланысты тітіркендіргіштерге реакциясын анықтау үшін нейрофизиологиялық әдістерді қолданды (Kaga et al., 2010).

1980 жылдардың ортасынан бастап (Маквини мен Сноу) әлемдегі ең үлкен балалар корпусын, атап айтқанда балалар тіліндегі мәліметтер алмасу жүйесін (CHILDES) құрды. Балалар корпусын толық бақылауға, сипаттауға және түсіндіруге мүмкіндік беретін балалардың сөйлеуін зерттеуге арналған қуатты құрал ұсынады (MacWhinney, 2000). Соңғы онжылдықтардағы зерттеулерінде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Шетелдік ғалымдардың зерттеу әдістерін талқылай отырып, аталған мәселені ғылыми-теорияларды зерделеу, талдау, осы бағытта жүргізілген эмпирикалық зерттеулерді саралау, сауалнама, бақылау, әңгімелесу әдістерін қолдандық.

Баланың құрсақтағы дамуы және қолайлы дамуының деңгейін анықтау үшін ата-аналарға сауалнама жүргіздік. Экспериментке 120 ана қатысты. Сауалнама мазмұнында төмендегідей сұрақтар болды. Осы сауалнамалардың нәтижесінде Астана қаласынан 8%-і ғана және Алматы қаласынан 12% -ы ғана денсаулығына шағымданбады. Астана қаласынан 10% және Алматы қаласында 13% (әйелдердің жалпы санынан белгілі бір проблемаларды атап өтті токсикоздың көріністері). Жүктілік кезіндегі күйзеліс 16% - 13%, зиянды әрекеттермен планшеттерде көбірек отырыу, темекі шегу сияқты әдеттер 5 %-6%, жатырдағы балаламен сөйлесу 15 %-13%, музыка тыңдау және кітап оқу 20 %-21%. Көпшілігінің жауабында жұмыстан қолым тимейді, үй шаруашылығынан ауыспаймын деген жауаптар алынды. Бұдан шығатын қорытынды бүгінгі аналарға құрсақ тәрбиесі, олармен сөйлесу тетігі туралы кеңестер беру қажет деп қорытындыладық.

Бала туылғаннан кейінгі бір жасқа дейінгі сөйлеуге дайындық кезеңін зерттеуде бақылау, ата-аналардан сауалнама алу әдістері қолданылды. Мынандай №3 кестеде көрсетілген көрсеткіштерге мән берілді.

Кесте 3

0-1 жасқа дейінгі нәрестелік кезеңдегі бала тілінің даму көрсеткіші

0 -3 ай	3 ай -6 ай	6 ай -12 ай
– жандану комплексі; – көру және естуінің бағдарлануы (дыбысқа басын бұруы, сөйлеген адамға қарауы).	– уілдеу дыбыстарын шығаруы (б-б-б, а-а-а) – көмекей дыбыстарын шығаруы (ғы-ғы-ғы) – буынды (ма-ма, ата-ты) дыбыстарды шығаруы	– қайда? деген сұраққа жауап іздеуі; – ерексектің сөзіне былдырлап бағдарлануы; – сөзге сәйкес әрекет жасауы

Баланың ересек адаммен қарым-қатынасының даму диагностикасы Е.О. Смирнова, Л.Н. Галигузова жасаған дагностикалық жағдаяттарын қолдандық [8].

Кесте 4

Туғаннан бір жасқа дейінгі балалардың тілін диагностикалауда қолданатын жағдаяттар жиынтығы

1- жағдай. «Пассивті ересек»	2-жағдай «Таза байланыс»	3-жағдай «Әр түрлі ойыншықтар»
<i>Мақсаты:</i> ересек адамның ең аз коммуникативті белсенділігімен қарым-қатынас параметрлерінің (бастамашылықтың) даму деңгейін анықтау	<i>Мақсаты:</i> ересек адамның коммуникативті белсенділігімен қарым-қатынас параметрлерінің даму деңгейін анықтау, яғни баланың әсерге сезімталдығының болуы ересек адам, бастамашыл және жауап беретін мінез-құлықты ауыстыру мүмкіндігі.	<i>Мақсаты:</i> баланың сыртқы әсерлерді еркін іздеу жағдайында баланың танымдық белсенділігінің параметрлерін анықтау. Жабдық. Пішіні, түсі, құрылымы бойынша ерекшеленетін төрт ойыншық, олардың арасында адамның бет-әлпеті бейнеленген ойыншық бар, мысалы: қуыршақ, сайқымазақ, шыңы бар пирамида, машина, жұмсақ ойыншық, өрнекті доп. Ойыншықтар тым үлкен болмауы керек, өйткені балалар қорқуы мүмкін, бірақ өте кішкентай емес, сондықтан нәресте қажет болған жағдайда затты алып, оны қағып немесе итере алады. Ең бастысы, олар түрлі-түсті, қызықты және бала үшін қауіпсіз болуы керек.
<i>Әдістеме бойынша мына талап ескерілді:</i> егер бала бірден қарқындылықпен жандану кешенін көрсете бастаса, яғни қолдарын көбірек сермеп, қатты айқайлап және т.б., онда бұл фактіні хаттамаға тіркеу	<i>Орындау әдістемесі:</i> “Таза қарым-қатынас” сынағы ересек адамның белсенді әсер ету кезеңдерін және үзілістерді білдіреді. Белсенді әсер ету кезеңінде ересек адам балаға күлімсіреп, көзіне	<i>Орындау әдістемесі:</i> Бұл жағдайда бала заттармен танысу үшін кез-келген объектіні таңдай алады және басқаларға ауысу арқылы тәжірибе іздеуді жалғастыра алады. Бұл жағдайда баланың қолма-қол мүмкіндіктері танымдық белсенділікті жаңартады.

кеерек және 30 секунд- тың аяқталуын күтпе- стен, баланың шақы- руына күлімсіреп, жылы сөздермен жауап беріп, келесі диагностикалық жағдайға көшу керек. Егер бұл жағдай болмаса, онда өзіңіз араласассыз.	қарап, оны атымен сүй- іспеншілікпен атайды, нәзік сөздер айтады, күлімсіреуге, “агу” деп айтуға шақырады және т. б. кідіріс кезінде ере- сек адам баланың жауа- бын қабылдайды және оның әсерін күтеді	
--	---	--

Туғаннан бір жасқа дейінгі балалардың тілінің дамуын бақылау және ата-аналармен әңгімелесу жүргізуге 6 нәресте 10 ата-ана тартылды. Зерттеу нәтижесінде балалардың көпшілігінде жандану кешені 2,5 айында, бір балада 2 ай 2 аптада көріне бастады. Ересектің қатысуынсыз қолын ербеңдетіп, дыбыстар шығарды. Егер Сынамалардың кем дегенде біреуінде күлімсіреу, қозғалмалы немесе дауыстау мәні 3 балға жетті. Жанды мимика, қуанышты көрініс, күлкі, көп қайталанған, әр түрлі дауыстық дыбыстар, қуанышты айқайлар, аяқтың жігерлі қозғалыстары болды. Қалған екі балада кешуілдеу болды. Бала сынамалардың ешқайсысында заттарға назар аудармады, сыртқы әсерлерді іздемейді, немқұрайлы болды (0 балл). Осы тәрізді қалған көрсеткіштермен зерттеу нәтижелері алынды. Оның нәтижесін төмендегі суретте көрсете аламыз

Кесте 5

0-1 жасқа дейінгі балалардың тілінің дамуын диагностикалау нәтижесі (пайыз есебімен)

Балалардың даму кезеңдері	Жоғары	Ортаңғы	Төменгі
Туғаннан -3 айға дейін	11%	42%	47%
3 айдан -6 айға дейін	12%	45%	43%
6 айдан -12 айға дейін	18%	43%	39%

Ерте жастағы баланың дамуын диагностикалау – бұл әртүрлі іс-шараларда балаларды мақсатты бақылау, әртүрлі жеке тапсырмаларды қолдану.

Ерте жас тобында (1-2 жас аралығындағы балалар) сөйлеуді дамыту диагностикалау К. Печора әдістемесі бойынша жүргізілді. Зерттеуде екі өлшем негізге алынды [9]:

I зерттеу әңгімелесу арқылы баланың сөзді түсінуін анықтау.

Баланың жеке тәжірибесімен байланысты ересек адамның қысқа әңгімесін түсіну деңгейін анықтау

Материал: баланың өміріне жақын, таныс оқиға туралы қысқа әңгіме дайындалады.

Анықтау әдістемесі – балаларды кілем үстіне еркін жартылай шеңберде отырғызып, өзім қарама-қарсы отырамын. Алдымен балаларға оқиғаның бірінші бөлігін айтып беремін, содан кейін соған қатысты екі сұрақ қойылады, әрі қарай әңгімені жалғастырып, тағы екі сұрақ беріледі.

“Бірде Томирис деген қыз серуендеуге шықты. Ол: «қалпақ, пальто, етік кидім. Баспалдақпен түстім. Есікті ақырын аштым. Көшеге шықтым» деді (1 бөлім бойынша әңгіме). Қойылған сұрақтар: “Далаға серуендеуге кім шықты?”, “Томирис не киді?”.

Сәл кідіріс жасағаннан кейін: оқиғаның 2 бөлімі жалғастырылды. “Көшеде балалар ойнап жүр. Кенеттен ит шыға келді. Ол Томириске қарай – ап-ап! деп үрді. Томирис қорқып, жылайды. Ал анасы: “Томирис жылама, ит қаппайды”, – деді. Ит қашып кетті. Томирис жылауын қойды. Балалармен ойнауға кетті”. Әңгімеден кейін балаларға қойылатын сұрақтар: “Томирис көшеде неден қорықты?”, “Ал анасы Томириске не деді?”. Балалар сұрақтарға жауап берді, егер барлық сұрақтарға жауап берсе, онда мен жоғары деңгей, егер екі сұраққа – орташа деңгей, егер сұрақтарға жауап бермесе, мен төмен деңгей қойылды.

II зерттеу – баланың белсенді сөздік қорын анықтау. Ересек адаммен қарым-қатынас кезінде ол үш сөзден тұратын сөйлемдерді қолданады, сын есімдер мен есімдіктерді қолданады. Анықтау әдісі – бұл табиғи жағдай (режимдік сәттер, ойындар кезінде, ересектермен қарым-қатынас кезінде).

Ерте жас тобындағы балалардың сөздік қорының қалыптасу деңгейін анықтау үшін О.С. Ушакова, Е.М. Струнинаның бірнеше тапсырмаларды қамтитын әдістемесін негізге алдық [10]. Эксперимент Астана қаласы №95 балабақшада және Алматы қаласындағы №187 балабақшада жүргізілді. Экспериментке ерте жас тобы балаларынан 2 жастан 3 жасқа дейінгі эксперименттік топқа 18 бала, бақылау тобына 16 бала қатысты.

Кесте 6

Ерте жастағы балалардың сөздік қорын анықтаудағы диагностикалық тапсырмалардың жиынтығы

	Мақсаты	Тапсырма мазмұны	Материалдары	Бағалау
1-диагностикалық тапсырмалар				
	көрсетілген тақырыпты білдіретін сөздерді атау қабілетін зерттеу (зат есім).	Педагог балаға екі тақырып бойынша сөздерді атауды ұсынады: ойыншықтар, жануарлар және сұрақтар қояды: “Бұл не?»).	қуыршақ, доп, машина бейнеленген суреттерді көрсетеді;	1)– бала барлық ұсынылған суреттерді атайды – 3 ұпай; 2) – бала ұсынылған 3-4 суретті атайды – 2 ұпай; 3)– бала 1-2 суретті атайды – 1 ұпай
	көрнекілік қолданбай көрсетілген заттардың атауларын атай алуын зерттеу (зат есім)	Педагог затты сипаттайды, содан кейін сұрақтар қояды: “Бұл кім? Мынау не?».	а) дөңгелек, резеңкеден жасалған, дүкеннен сатып алынады. Лақтырсаң секіреді. (Доп.) ә) Үлпілдек, мейірімді, құйрығы бар	– бала екі немесе одан да көп сөздерді атайды – әр заттың белгілері – 3 балл; – бала бір сөзді атайды – белгі,


			қаймақты жақсы көреді. Бұл не? (Мысық.) Б) Сұр, ақ, құлағы ұзын, сәбізді жегенді ұнатады, орманда жеңіл секіреді. Бұл не? (Қоян.) В) Үреді, қабады, үй күзетеді. Ол үйшікте тұрады, сүйектерді кеміреді. Бұл не? (Ит.)	заттың сапасы-2 балл; - бала қасиеттерді атамайды (зат есімді қайталайды) - 1 балл
2 – диагностикалық тапсырмалар				
	Мақсаты: сын есімді білдіретін сөздер – заттардың белгілері мен қасиеттерін атай білуін зерттеу.	Суреттен заттардың белгілері мен қасиеттерін анықтау, сын есімді қосып айтуы.	Педагог балаға қуыршақ, ит, машина, мысық, доп, қоян, қасқыр, аю бейнеленген суреттерді көрсетіп, сұрақ қояды: “Не? Қайсысы?” затты (жануарды) сипаттау	– әр заттың белгілері бойынша бала екі немесе одан да көп сөздерді атайды – 3 балл; – бала заттың белгісін, сапасын білдіретін бір сөзді атайды – 2 балл; – бала қасиеттерді, белгілерді атай алмайды (зат есім сөздерді қайталайды) – 1 балл.
	Тәрбиеші айтқан заттардың белгілерін, қасиеттерін анықтау, бағалау және сөзбен жеткізу	Педагог мына заттардың атын атайды: қуыршақ, ит, машина, мысық, доп, қоян, қасқыр, аю.	“Қоян қайсы? “немесе затты немесе жануарды көрсету және оны сипаттау сұралады.	– бала 2 немесе одан да көп сөздерді атай алады; әр заттың не ойыншықтың белгілерін атайды – 3 балл; – бала 1 сөзді атай алады; белгі, заттың сапасы бойынша сипаттайды – 2 балл; – бала заттың қасиеттерін, белгілерін атай алмайды (тек зат есімді қайталайды) – 1 балл.

№ 3 диагностикалық тапсырмалар				
	Мақсаты: заттардың іс-әрекетін сөзбен деп атай білу қабілетін зерттеу. д) қоян: жүгіреді, секіреді, отырады, қорқады, кеміреді (жейді). Келесі сұрақтарды қояды: “не істей алады? Не істейді?».	Қозғалысқа, күйге, ұсынылатын тақырыпқа байланысты сөз әрекеттерін (етістіктерді) анықтау. Педагог балаға заттардың әрекеттері бар суреттерді көрсетеді:	а) қуыршақ: жатыр, тұр, отырады, жүреді, ұйықтайды; б) доп: домалату, тепкілеу, ойнау, лақтыру, ұстау; в) ит: ұйықтайды, отырады, күзетеді, кеміреді (жейді), барады (жүгіреді); г) мысық: отырады, ұйықтайды, ойнайды, жейді;	– бала үш сөзді атайды және одан да көп-3 балл; – бала екі сөзді атайды – бір заттың әрекеті – 2 балл; – бала бір сөзді атайды немесе әрекетін айтудан қианалады – 1 ұпай
	Тәрбиеші айтқан қимым-қозғалысқа, қалпы, әрекеттеріне қатысты етістік сөздерді анықтау.	Тәрбиеші сөзді айтады: қуыршақ, доп, ит, мысық, қоян	Аталған сөздерге байланысты сұрақтар қойылады: «Не істейді? Не істей алады? Онымен не істеуге болады?».	1) бала үш әрекетке қатысты сөзді қосып атайды және одан да көп – 3 балл; 2) бала әрекетке қатысты екі сөзді қосып атайды – бір заттың әрекетін – 2 балл; 3) бала бір сөзді атайды немесе әрекетті атауға қиыналады – 1 ұпай.
№ 4 диагностикалық тапсырмалар				
	Мақсаты: сөздік қорында жалпылаушы сөздерді қолдана алу дағдысын зерттеу.	Заттардың белгілі бір тобы ұсынылады немесе заттардың суреттері беріледі.	баладан заттарды бір сөзбен атау ұсынылады: а) көйлек, шалбар, футболка, көйлек – бұл киімдер; ә) ит, мысық, жылқы, сиыр – бұл жануарлар; б) қуыршақ, машина, доп, мұнара – бұл ойыншықтар; в) қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша-көкөністер;	– бала 4-5 жалпылама сөздерді атайды ұсынылған пәндер топтары – 3 балл; – бала бейнеленген заттар тобының 2-3 жалпылама сөздерін атайды – 2 балл; – бала сөздердің аттарын тізімдейді, жалпылама сөзді атамайды – 1 балл.

	Жалпылауыш сөзге сөздерді таңдау дағдысын зерттеу.	Балаға қойылатын сұрақтар: – киім деген не? Өздерің білетін кімдерді ата. – жануарларға не жатады? Өздерің білетін жануарларды ата. – қандай ойыншықтармен ойнайсың? Жақсы көретін ойыншықтарыңды ата.		– бала педагог айтқан жалпылауыш сөзге қатысты 4-5 сөзді атай алады; жалпылауыш сөзді атай алуы – 3 балл; – бала жалпылауыш сөзге қатысты 2-3 сөзді атайды – 2 балл; – бала жалпылауыш сөзге қатысты бір сөзді атайды – 1 ұпай.
№ 5 диагностикалық тапсырма				
	Мақсаты: сөйлеуде заттардың жұптасқан қарама-қарсы белгілерін түсіну және қолдану қабілетін зерттеу	Суреттерден заттардың жұптасқан қарама-қарсы белгілерін анықтау. Балаға қарама-қарсы заттардың суреттері ұсынылады: үлкен – кішкентай доп, биік-төмен үй, кең-тар таспа; қарама-қарсы заттарды білдіретін заттардың суреттері мәндер: таза-лас, тұр-жүгіреді (барды).	Педагог суреттерді жұпқа бөліп, олардың белгілерін атауды ұсынады.	– бала 4-5 жұптасқан қарама-қарсы белгілерді атайды – 3 балл; – бала 2-4 жұптасқан қарама-қарсы белгілерді атайды – 2 балл; – бала 1 деп атайды немесе жұптарды атау қиынға соғады заттық қарама-қарсы белгілері – 1 балл. жақсы – зұлым, ақылды – ақымақ, қатты – жұмсақ, қатты – тыныш, жылдам – баяу.
	Ауызша нұсқауларға сәйкес жұптасқан қарама-қарсы белгілерді анықтау. Педагог балаға: «Енді мен сөздерді атаймын, ал сен мені мұқият тыңдап, қарама-қарсы сөзді айтасың» дейді: үлкен-кіші, биік-аласа, кең-тар,			– бала ұсынылған сөздерден 4-5 жұп қарама-қарсы белгілерді атайды – 3 балл; – бала 2-4 жұптасқан қарама-қарсы белгілерді атайды – 2 балл; – бала 1 деп атайды немесе

				жұптарды атау қиынға соғады заттың қарама-қарсы белгілері бойынша – 1 балл
Диагностикалық әдістеменің барлық тапсырмаларын орындау нәтижелерін сандық және сапалық талдау негізінде сәби шақтағы балалардың сөздік қорын дамытуда мынандай деңгейлерін анықтадық: – жоғарғы (30-21 ұпай) – бала көрсетілген барлық суреттерді атай алады; әр заттың белгілері бойынша екі немесе одан да көп сөздерді қосып атайды; педагог ұсынған жалпылауыш сөздерден 4-5 сөз атай алады; айтылған сөздерге 4-5 жұп қарама-қарсы белгілерін атай алады; – ортаңғы (20-11 ұпай) – бала көрсеткен 3-4 суретті атай алады; – белгіні, заттың сапасын бір сөзбен атайды; бір заттың атын және-әрекетін атайды; жалпылауыш сөзге қатысты 2-3 сөз атайды; қарама-қарсы белгілері бойынша 2-4 жұптасқан сөз айтады; – төменгі (10 және одан аз ұпай) – бала заттың атын білдіретін 1 және одан аз сөздерді атайды; заттың қасиеттерін, белгілерін атай алмайды (зат есімді қайталау болады); бір сөз айтады немесе заттың әрекетін атауға қиналады; бір жалпылауыш сөзді атай алады; заттың бір белгісін айтады немесе заттың қарама-қарсы белгілері бойынша атаудан қиналады.				

Диагностика барысында сәби шақтағы балалардың сөздік қорын зерттеуден келесі нәтижелер алынды (ерте жас тобы).



Сурет 1. Ерте жас топ балаларының сөздік қорының даму деңгейі (экспериментке дейін)

Осы диагностикалық тапсырмаларды орындау кезінде көптеген балалар заттың атауын білдіретін сөздерді оңай атай алды, алайда кейбіреулері «заттарды салыстыру», «мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді табуда қиындықтарға тап болды. Мысалы: Бір бала (Адина Т.) ап-ап, мияу-мияу және т.б. деген сөздермен шектелді. Тапсырмаларды орындау барысында сөздік қоры төменгі деңгей көрсеткен балалар педагогтің қолдауынсыз қиындықтарға кездесті, сондықтан көмекші, жетелейтін сұрақтар қойылып отырды. Осы жастағы балаларда заттың белгісін, сапасын білдіретін сөздерді, сын есімдерді қолдануында қиындықтар болды: көпшілік балалар педагогтің айтуымен заттың атын ғана қайталайды немесе заттың бір-екі белгісін ғана атай алды. Сол сияқты балалар заттың қозғалысы, заттың күйіне білдіретін әрекеттерді (етістік) сөзбен атауда да қиналды.

Жалпылаушы сөзін анықтау кезінде сөздік қорының қалыптасуының төмен деңгейін көрсеткен балалар жай ғана бір топ заттар бойынша сөздерді атайды, жалпылаушы сөзін атауда қиындыққа ұшырайды. Зерттеуден алынған нәтижелерді талдау барысында 15 балада сөздік қорының қалыптасу деңгейі төмендігін көрсетті (60%); ортаңғы деңгей – 6 бала (30%); жоғарғы деңгей – 2 бала (10%). Осылайша, өткізілген эмпирикалық зерттеу нәтижесі зерттелуші балалардың сөздік қорының даму деңгейі төмен және ортаңғы деңгей деген тұжырымға келдік. Сондықтан сәби шақтағы (ерте жас топ) балалар тілінің лексикалық құрылымын жетілдіруде педагогикалық шарттар негізге алынып, қалыптастыру экспериментті төмендегідей жоспармен жүргізілді:

1. *Заттармен ойындар мен сөйлеу жаттығулары заттардың атауларын нақтылауға және сөйлеуде зат есіммен көрсетілген заттардың атын білдіретін сөздерді белсендіруге бағытталған* (“Кімнің көйлегі жақсы?», “Кімнің анасы?” Ойыншық тап “; “Түскі ас дайындауға көмектесеміз”, “Бұл не”)

2. *Сөйлеуде сөздерді түсіну және қолдану қабілетін дамытуға бағытталған тақырыптық ойындар мен сөйлеу жаттығулары-сын есіммен көрсетілген заттардың белгілері мен қасиеттері.)* “Сипаттаудан біл!”, Дәл осындай тап”. *Сөйлеу кезінде етістікпен көрсетілген сөздерді-әрекеттерді түсіну және қолдану қабілетін дамытуға бағытталған тақырыптық ойындар мен сөйлеу жаттығулары.* “Кім не істей алады?”, “Кім, не істейді?»

3. *Сөйлеу кезінде етістікпен көрсетілген сөздерді-әрекеттерді түсіну және қолдану қабілетін дамытуға бағытталған тақырыптық ойындар мен сөйлеу жаттығулары.* “Кім не істей алады?», “Кім, не істеп жатыр?»

4. *Сөйлеуде жалпылама сөздерді түсіну және қолдану қабілетін дамытуға бағытталған жалпылау ойындары мен сөйлеу жаттығулары.* “Құстар болып ұшамыз!”, “Қоныс тойы”, “Төртінші артық”, “Бір сөзбен атаңыз”, “Сөз ойыны”.

5. *Заттардың жұптасқан қарама-қарсы белгілерін салыстыру және атау қабілетін дамытуға бағытталған заттармен ойындар және сөйлеу жаттығулары – өткізілді.* Қалыптастыру экспериментінен кейін анықтау эксперименті кезінде қолданылған диагностикалық әдістемені қолдандылды. Бақылау экспериментінде көптеген балалар тапсырмаларды орындау кезінде бастапқымен салыстырғанда жоғарылау сандық және сапалық көрсеткіштер алынды. Зерттелген балалар заттарды мұқият және сенімді түрде атады, қойылған сұрақтарға жауап бергенде сын есімдерді, етістіктерді, жалпылаушы сөздерді қолданды. Анықтау экспериментінде сөздік қоры төмен деңгейді көрсеткен балалардың сөздік қоры едәуір өсті. Балалар ойындарға қызығушылық таныта бастады, қайсыбір балаларда мектепке дейінгі ұйымда, отбасында сөйлеу белсенділігі артты. Мұндай жағдайды ата-аналармен өзара қарым қатынасында өзгерістер болғандығымен дәлелденді.

Зерттеу барысында аналардан алынған сауалнама нәтижелерін талдау барысында осы жастағы балаларды оқытудың ерекше жағдайларын құруда бірқатар проблемалар бар екендігі анықталды. Біздің ойымызша, сөйлеудің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруға кедергі келтіретін бірінші мәселе-оны жүзеге асырудағы қиындықтардың болуы. Ең бастысы

балалардың жатырдан бастап дамуына қолайлы жағдайлар туғызуды басты назарға ұстану.

Бала дүниеге келгенен кейін ата-аналардың ескеретін жағдайларын шетелдік эмпирикалық зерттеулермен толықтыруды жөн көрдік. В. Штерн атап өткендей, бір және үш айлық баланың сөздігі толығымен зат есімдерден тұрады, бір жас сегіз айда етістіктердің үлесі тек 20%-ға дейін артады. Мұны заңдылық деп болжауға болады, бұл баламен қарым-қатынас кезінде ересектердің тіршілік етуінің көп қолданылуымен байланысты [11]. Біздің зерттеуімізде балалар мұндай көрсеткішті көрсетпеді. Д. Миллер бір жыл бойы екі жасар баламен арнайы заттың ерекшелігін білдіретін зат есімді және арнайы әрекетін білдіретін етістікті қолданатын ойын ойнатады. Сонда зат есімді бала алғаш рет екі айлық ойыннан кейін қолданды (бұл үшін ересек адам оны 67 қайталау қажет болды), ал етістікті сегіз айдан кейін қолданды (164 қайталау қажет болды) [12]. Ғалымдардың ойларын қалыптастыру экспериментінде негізге алуға болады. Ғалымдар А. Фернальди, Х. Морикава 6-19 айлық балалармен 30 американдық және 30 жапондық аналардың қарым-қатынасын зерттеді. Бақылаулар жапондық және американдық аналардың балалармен әртүрлі қарым-қатынаста екенін көрсетті. Жапондық және американдық аналар барлық уақыттарын заттармен өткізгенімен, американдық аналар көбінесе (жапондық аналарға қатысты 60%-дан 24%-ға дейін) заттарды (“машина”, “торай”) атаған. Жапондық аналар, американдықтардан айырмашылығы, жиі (уақыттың жартысынан көбі) заттарды белгілеу үшін мағынасыз сөздер мен дыбыстарды қолданды (баланы машинамен таныстырған кезде “бу-бу”, манипуляция кезінде “ван-ван” т.б.), ал американдық аналар оларды ешқашан қолданбаған [13]. Ал біздің зерттеуіміздің нәтижесі жапон елі әйелдерінің тәжірибесіне сәйкес келеді. Жалпы алғанда, американдық аналар көбірек заттарға назарын аудартты және олардың аттарын үнемі ерекше бөліп көрсетті. Әңгіме барысында американдық аналар баланың заттарды дұрыс атауды үйренуі және сөздік қорын дамытуы олар үшін маңызды екенін айтты. Осылайша, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көп нәрсе ересек адамның баламен қарым-қатынаста қандай сөздерді қолданатынына және ол нені баса айтқысы келетініне байланысты – дұрыс айтылуы мен әдемі сөйлеуі немесе адамдарға немесе жағдайға деген көзқарасын білдіру, сөйлеуді қолдана отырып сөйлесе білу керек деп тұжырымдаймыз.

Қорытынды

1. Ерте жас кезеңдегі балалардың сөздік қорын қалыптастыру – баланың жалпы дамуы үшін үлкен маңызы бар сөйлеу дамуының негізгі міндеттерінің бірі. Осы кезеңдегі балалардың сөздік қорын дамытуда оның сандық өсуіне ғана емес, сонымен қатар сапалы жетілдіруге де бағытталуы керек. Сондықтан баланың санасында сөздердің мағынасын бекіту, олардың семантикалық өрісін қалыптастыру және кеңейтетін технологияларды жобалау қажет. 3 жасқа дейінгі, әсіресе 1 жасқа дейінгі бала үшін маңызды механикалық емес, тірі сөйлеуді естуі керек. Қазір сөйлеуге еліктейтін көптеген компьютерлік ойындар мен түрлі ойыншықтар бар. Алайда, баланы ырғақты, тембрін келтіріп сөйлеуде нәзік эмоционалдық бояуын тануға үйрету тек жасанды интеллект емес, тірі адамның

ғана қолынан келеді. Бұл жағдай түрлі жастағы балалары, әжелер мен аталар бар, эмоционалды және мол сөздік қормен сөйлейтін отбасыларында байқалады. Жапондық зерттеушілері, бірнеше ұрпақ бірге тұратын толық дәстүрлі отбасыларда тәрбиеленетін балалардың балабақшаға ерте берілген немесе бір ана тәрбиелеген балаларға қарағанда ауызша және жазбаша түрде сөйлеуі дұрысырақ екенін көрсетеді.

2. Анықтау экспериментінің нәтижелерін талдау негізінде ерте жас кезеңдегі балалардың сөздік қорын молайту бойынша шаралар кешені әзірленіп, іске асырылды. Бұл кешен педагогикалық әрекеттің келесі формаларын қамтиды:

- бай, қол жетімді, дамып келе жатқан заттық кеңістіктік ортаны және тілдік ортаны құру;

- балалардың қажеттілігі мен қызығушылығы ескерілген тәрбиелеу-білім беру процесінде заттық әрекетін, еркін ойындарын ұйымдастыру;

- педагог балалардың ата-аналарымен белсенді қарым-қатынасы, бірлескен әрекетті, ата-аналарда араластыру: жеке және топтық кеңестер, үйдегі сөздігін дамыту бойынша ұсыныстар, көрнекі ақпаратты жобалау.

Алғыс білдіру. Аталған мақала Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 2023-2025 жылдары жүргізілетін АР19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі

Жиенбаева Сайра Нағашыбаевна жоба жетекшісі ретінде зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Зерттеудің жалпы логикасы мен құрылымын дамытуда, жұмыстың теориялық және эксперименттік бағытын басқарды. Сонымен қатар қолжазбаның соңғы нұсқасын қарап шығып, мақұлдады, бұл зерттеу қорытындыларының нақтылануы мен анықтығына ықпал етті.

Адамова Манара Елекеновна – мектепке дейінгі ұйымдарда деректерді жинады және эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жиналған нәтижелерді талдады және ұйымдастырды, оның анықтығы мен дәйектілігін қамтамасыз етуге үлес қосты.

Жубандыкова Ақгул Мурзалиевна – жобаның барлық кезеңдері бойынша ақпарат жинау арқылы зерттеуге елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, деректерді өңдеуге, олардың дәлдігін қамтамасыз етуге және оларды мұқият талдау үшін ұйымдастыруға назар аударды, бұл зерттеудің тұтастығы үшін өте маңызды болды.

Тезекова Орынтай Танатқызы – мақаланың мазмұнын қайта қарау мен нақтылауда үлес қосты. Сонымен қатар қолжазбаны қажетті техникалық және баспа стандарттарына мұқият сәйкестендіре отырып, әр бөлімнің дизайны мен пішімделуін басқарды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://egov.kz/cms/kk/articles/preschool> (жүгінген күні: 20.11.2024).

2. Научные основы модернизации системы образования и науки: коллективная монография. - Нур-Султан: Национальная академия образования им.И.Алтынсарина, 2021. – 192 с.
3. Undiyaundeye, F. A. Processess of Children's Learning and Speech Development in Early Years // PEOPLE: International Journal of Social Sciences. – 2018. – Vol.4(2). – P. 126-134. DOI:10.20319/pijss.2018.42.126134
4. Yarrow, L. J. Development course on parental stimulation and its relationship of mastery motivation during infancy // Developmental Psychology, 1984. – Vol 20(3), 492-503 <https://doi.org/10.1037/0012-1649.20.3.492>
5. De Casper A.J., Spence M.J. Prenatal maternal speech influences newborns' perception of speech sounds // Infant Behavior and Development. – 1986. – №9.
6. Лазарев, И.М. Психологические условия становления и развития речи детей младенческого и раннего возраста: автореферат дис. ... кандидата психологических наук. – Москва, 2016. - 27 с.
7. Львов М.Р. Основы теории речи: учеб. пособие для студ. пед. вузов. - М.: Academia. – 2000. – 248 с.
8. Смирнова Е.О., Галигузова Л.Н., Ермолова Т.В., Мещерякова С.Ю. Диагностика психического развития детей от рождения до 3 лет. – М.: МГППУ. – 2002. – 128 с.
9. Печоры К.Л., Пантюхина Г.В. Диагностика развития детей раннего возраста. Развивающие игры и занятия. – М.: Творческий центр сфера. – 2022. – 81 с.
10. Ушакова Т.Н. Рождение слова. Проблемы психологии речи и психолингвистики. – М.: Институт психологии РАН. – 2011. – 528 с.
11. Штерн В. Психология раннего детства. – СПб.: Стиль. – 2005. – 230 с.
12. Миллер А. Драма одаренного ребенка и поиск собственного Я. – М.: Академический Проект. – 2001. – 181 с.
13. Fernald A., Morikawa H. Common Themes and Cultural Variations in Japanese and American Mothers' Speech to Infants // Child Development. – 1993. – №64.

С.Н. Жиенбаева^{*1}, М.Е. Адамова², А.М. Жубандыкова³, О.Т. Тезекова⁴

^{1,4}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Департамент дошкольного образования Министерства просвещения Республики Казахстан, Астана, Казахстан

³Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

Педагогические условия развития словарного запаса детей раннего возраста

Аннотация. В статье отражены причины задержки в развитии речи современных дошкольников (здоровье детей, уровень педагогической работы и организация языковой среды). Учитывая эти факторы, авторы в статье исследуют педагогические условия, необходимые для развития речи в раннем детстве. Основное внимание было уделено важности создания благоприятных условий для развития речи, играющих ведущую роль в общем росте ребенка. Основываясь на теоретических и эмпирических исследованиях, проведенных выдающимися учеными, в том числе Н.Хомским, Б. Ф. Скиннером, К. Осгудом, Ярроу, Энтони Де Каспером, М. Л. Лазаревым и др., авторы утверждают,

что основу развития речи следует закладывать уже в пренатальном периоде. Эти результаты подчеркивают важную роль пренатального взаимодействия на ранних этапах овладения языком, уделяя особое внимание выяснению способов общения будущих матерей со своим нерожденным ребенком. В статье определены три основных педагогических условия оптимального развития речи. Первое условие подчеркивает важность создания предпосылок для развития речи, начиная с пренатального периода. Второе условие подчеркивает развитие коммуникативных навыков, моторики, взаимодействия с объектами, которые служат неотъемлемыми аспектами деятельности детей раннего возраста. Опираясь на труды отечественных и международных исследователей, в статье выявлена специфика развития речи детей от рождения до трех лет, а также указаны соответствующие показатели. В статье дается третье условие потребности языковой среды в развитии языка ребенка, требования к родителям, педагогам.

Ключевые слова: ранний возраст, речь, общение, пренатальная педагогика, предметная деятельность, языковая среда, раннее детство

S.N. Zhiyenbayeva^{*1}, M.E. Adamova², A.M. Zhubandykova³, O.N. Tezekova⁴

^{1,4}*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

²*Department of Preschool Education of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan*

³*Kazakh National Women's Teacher Training University*

Pedagogical conditions for the development of a child's speech at early ages

Abstract. This article explores the factors contributing to delayed speech development in preschool-aged children (children's health, the quality of pedagogical work, and the organization of the language environment). In light of these factors, the authors examine the pedagogical conditions necessary for fostering speech development in early childhood. A key point emphasized is the importance of creating favorable conditions for speech development, which plays a leading role in the child's overall growth. Drawing upon both theoretical and empirical research conducted by N. Chomsky, B.F. Skinner, C. Osgood, Yarrow, Anthony De Kasper, M.L. Lazarev, and others. The authors argue that the foundations for speech development should be laid as early as the prenatal period. These findings highlight the critical role of prenatal interactions in the early stages of language acquisition, with a particular focus on guiding expectant mothers on how to communicate with their unborn child. The article identifies three key pedagogical conditions for optimal speech development. The first condition shows the importance of creating preconditions for speech development from the prenatal stage, advocating for proactive maternal involvement. The second condition underscores the development of communication skills, motor activity, and interaction with objects, which serve as integral aspects of early childhood activities. Drawing on the work of both domestic and international researchers, the article outlines the specific speech development milestones for children from birth to age three, along with corresponding indicators. The third condition emphasizes the necessity for parents to actively cultivate a language-rich environment, beginning during the prenatal period, to support the child's speech development.

Keywords: early age, speech, communication, prenatal pedagogy, activity with subjects, language environment, early childhood.

References

1. Mektepke dejingi tarbie men oqytudyn memlekettik zhalpyga mindetti standartyna bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylgy 3 tamyzdagy № 348 bujrygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of the state mandatory standard of preschool education and training]. [Electronic resource] – Available at: <https://egov.kz/cms/kk/articles/preschool> (accessed: 20.11.2024). [in Kazakh]
2. Nauchnye osnovy modernizatsii sistemy obrazovaniya i nauki. Kollektivnaya monografiya [Scientific foundations of modernization of the education and science system. A collective monograph.] (Nur-Sultan: I.Altynsarin National Academy of Education, 2021, 192 p.) [in Russian]
3. Undiyaundeye, F. A. Processess of Children's Learning and Speech Development in Early Years // PEOPLE: International Journal of Social Sciences. – 2018. – Vol.4(2). – P. 126-134. DOI:10.20319/pijss.2018.42.126134
4. Yarrow, L. J. Development course on parental stimulation and its relationship of mastery motivation during infancy // Developmental Psychology, 1984. – Vol 20(3), 492-503 <https://doi.org/10.1037/0012-1649.20.3.492>
5. De Casper A.J., Spence M.J. Prenatal maternal speech influences newborns' perception of speech sounds // Infant Behavior and Development, 9 (1986).
6. Lazarev, I.M. Psihologicheskie usloviya stanovleniya i razvitiya rechi detej mladencheskogo i rannego vozrasta [Psychological conditions of the formation and development of speech in infants and young children] (Moscow, 2016, 27 p.) [in Russian]
7. L'vov M.R. Osnovy teorii rechi: ucheb. posobie dlya stud. ped. Vuzov [Fundamentals of speech theory: textbook. manual for students of pedagogical universities] (AcademiA, 2000, 248 p.) [in Russian]
8. E.O. Smirnova, L.N. Galiguzova, T.V. Ermolova, S.YU. Meshcheryakova. Diagnostika psicheskogo razvitiya detej ot rozhdeniya do 3 let [Diagnosis of the mental development of children from birth to 3 years old] (MGPPU, 2002, 128 p.) [in Russian]
9. K. L. Pechory, G.V.Pantuyhina. Diagnostika razvitiya detej rannego vozrasta. Razvivayushchie igry i zanyatiya [Diagnosis of early childhood development. Educational games and classes] (Creative center sphere, 2022, 81 p.) [in Russian]
10. Ushakova T. N. Rozhdenie slova. Problemy psikhologii rechi i psiholingvistiki [The birth of the word. Problems of speech psychology and psycholinguistics] (Institute of Psychology of the Russian Academy of Sciences, 2011, 528 p.) [in Russian]
11. Shtern V. Psihologiya rannego detstva [Psychology of early childhood] (St. Petersburg: Style, 2005, 230 p.) [in Russian]
12. Miller A. Drama odarennogo rebenka i poisk sobstvennogo [The drama of a gifted child and the search for one's own self] (Academic Project, 2001, 181 p.) [in Russian]
13. Fernald A., Morikawa H. Common Themes and Cultural Variations in Japanese and American Mothers' Speech to Infants // Child Development, 64 (1993) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Жиенбаева Сайра Нағашыбаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Адамова Манара Елекеновна – Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры, Астана, Қазақстан.

Жубандыкова Ақгул Мурзалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Тезекова Орынтай Танатқызы – «Педагогика және психология» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах

Жиенбаева Сайра Нагашыбаевна – доктор педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Адамова Манара Елекеновна – директор департамента дошкольного образования Минпросвещения Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Жубандыкова Ақгул Мурзалиевна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан.

Тезекова Орынтай Танатовна – докторант образовательной программы «Педагогика и психология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about authors

Zhiyenbayeva Saira Nagahibayevna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Adamova Manara Elekenovna – director of the Department of Preschool Education of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

Zhubandykova Akgul Murzalievna – candidate of pedagogical Sciences, associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

Tezekova Oryntay Tanatkyzy – doctoral student of the specialty "Pedagogy and Psychology", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.